

Абай мұрасы – қазақ поэзиясының шыңы

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы балаларға қызмет көрсету бөлімінде қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай «Абай мұрасы – қазақ поэзиясының шыңы» атты қалалық Абай оқулары байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты оқырмандарға ақынның даналығын, асыл мұрасын на- сихаттап, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Әмірде екі түрлі байлық болса, бірі материалдық, екіншісі – рухани байлық. Ал, рухани даму – қажеттілік. Бұл байлық адам бой-

ына кітап арқылы дариды. Абай атамыздың өзі «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» деп айтқандай, аталған іс-шараға арнайы кітап көрмесі дайындалып, зал тақырыпқа сай безендірілді.

Ең алдымен кітап көрмесі таныстырылып, ұлы ақынның өмір жолына шолу жасалды. Қазылар алқасының шешімі бойынша «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясын А. Құнанбаев атындағы мектеп гимназиясының 5 сынып оқушысы Інжү Берікқызы, «Білімдіден шыққын сез» номинациясын Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның 5 сынып оқушысы Айбибі Кәки, «Өлеңге әркімнің-ақ



бар таласы» номинациясын № 8 негізгі орта мектебінің 5 сынып оқушысы Аяулым Мұхамбетжанова иеленді.

«Қара сөзді қадірлекен» номинациясын Кейкі батыр атындағы № 4 жалпы білім

беретін мектебінің 5 сынып оқушысы Гүлдана Қожагелді және Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның 6 сынып оқушысы Асылым

Нұрхан жеңіп алса, «Көркемсөз шебері» номинациясын Б. Майлин атындағы № 3 жалпы білім беретін мектебінің 6 сынып оқушысы Назым Абзалқызы және Ш. Үәлиханов атындағы № 1

жалпы білім беретін мектебінің 5 сынып оқушысы Гүлбазар Төлеу иеленді.

Ал, «Көрермен көзайымы» номинациясына А. Құнанбаев атындағы мектеп - гимназиясының 3 сынып оқушысы Айзере Думанова және А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясының 4 сынып оқушысы Інжү Құлмұрат лайық деп танылды. Байқау жеңімпаздары сыйлықтарға ие болып, барлық қатысушылар, ұстаздар дипломдармен мара- патталды.

Елзада ҚАБДЫБЕК,
№ 2 ОӘФК
балаларға қызмет
көрсету бөлімінде
қызметкері